

**Маңғыстау облысының білім басқармасының Бейнеу ауданы бойынша білім бөлімінің
«Ә.Жанкелдин атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ-сі әлеуметтік педагогінің
2021-2022 оқу жылында жасаған жұмыстарының есебі.**

Мектеп әлеуметтік педагогы мектеп педагогикалық ұжымымен және ата-аналармен бірлесе отырып 2021-2022 оқу жылында жоспарға сәйкес төмендегі бағыттарда жұмыстар жасады:

1. Мектеп жасындағы балалардың жаңа оқу жылында мектепке тартылуын қамтамасыз ету.

Тамыз айында мектеп директоры бұйрығымен бекітілген мектеп шағын ауданындағы жауапты мұғалімдер арқылы мектепке оқуға тартылуға тиісті балардың, сол сияқты ауылға жаңадан көшіп келген жанұялардың оқу жасындағы балалардың тізімдері алынып, толық мәліметтер жинақталды. Сонымен бірге селолық округ әкімдігімен бірлесіп мектеп жасындағы балалардың тізімі жасалынды.

Мектептің 1-11 сыныптарында жыл басында 318 оқушы, оқу жылы аяғында 310 оқушымен аяқтады. Жалпы алғанда селолық округ бойынша мектеп жасындағы оқуға тартылмай отырған бала жоқ.

2. Мектеп оқушыларының әлеуметтік топтарға бөлінісі.

Оқу жылы басында мектептегі оқушылардың әлеуметтік топтарға бөлінісі туралы сараптама жасалынды, ауыл әкімшілігі маманымен бірлесе отырып ата-аналардың тұрмыстық жағдайлары зерттелді. Ол төмендегі кестеде көрсетілген:

	Барлығы	1-4 сынып	5-9 сынып	10-11 сынып
Толық жетім балалар	-	-	-	-
Жартылай жетім балалар	3		1	2
Көп балалы отбасы балалары	133	46	66	21
Сәтсіз отбасы балалары	-	-	-	-
Мүгедек балалар	2	2	-	-
Қорғаншылыққа алынған балалар	1	-	1	-
Денсаулығында ақауы бар, арнаулы есепте тұратын балалар	1	-	-	1
Атаулы әлеуметтік көмек алатын аз қамтылған отбасы балалары	8	5	3	-

3. Мектеп оқушыларының тегін ыстық тамақпен және буфет өнімдерімен қамтылуы

Мектеп ата-аналар комитетімен және қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесе отырып жыл ішінде 51 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылды. Бірінші жарты жылдықта 15 оқушымен

бастап, екінші жарты жылдықта 51 оқушы болды. Сол сияқты жыл ішінде 1 сыныптың 34 оқушылары да тегін ыстық тамақпен қамтылды.

Әлеуметтік топ оқушыларының құрамы төмендегідей:

	2-4 сынып	5-9 сынып	10-11 сынып
Көп балалы отбасы балалары	9	13	5
Жартылай жетім оқушылар	-	-	-
Қорғаншылықтағы оқушы	1	-	-
АСП алатын оқушылар	5	3	-
Табысы аз, аз қамтылған отбасы оқушылары	9	4	2

Мектеп асханасы типтік жобадағы асхана, асханада 48 оқушы тамақ ішетіндей мүмкіндік бар. Оқушылар таңертеңгі және түстен кейінгі екі мезгілде тегін ыстық тамақпен қамтылды. Асхананы жеке кәсіпкер жалға алған, онымен мектеп әкімшілігі арасында келісім шарт жасалған. Келісім шарт негізінде кәсіпкер мектеп оқушыларының жоғарыдағы категорияларына қарай күніне бір мезгіл тегін ыстық тамақ береді. Мектепте тамақ беруді ұйымдастыру жөніндегі комиссия тамақ нормаларының сақталуын және тамақ өнімдері сертификаттарының болуы мен сақталу жағдайына айына екі реттен бақылау жасап отырады. 2021-2022 жылы 16 рет бақылау ұйымдастырылып, тиісті құжаттар жасақталды. Асханадағы берілетін тамақ ассортименттері жаман емес: жас жемістер, овощ түрлері, ет т.б түрлерімен қамтылған.

Оқушылардың тамақ ішуін бақылау мақсатында әлеуметтік педагог түгендеу журналын жүргізіп отырады, түрлі себептермен тамақ ішпеген оқушылардың тамақтары актпен шығысталады.

Асхана қызметкерлері арнаулы мамандығы бар аспаз, уақтылы дәрігерлік байқаудан өтуін мектеп медбикесі қадағалайды. Асханада ыстық тамақпен өзге буфет өнімдері де дайындалып, оқушыларға сатылады. Шамамен күн сайын 170 тей оқушы буфет өнімдерін тұтынады.

4. Қамқоршылықтағы баламен жұмыс.

Мектепте 2021-2022 оқу жылы ішінде бір бала қамқоршылықта болды: Жарылғасын Диас 7 сынып. Қорғаншылыққа алынған бұл оқушының тұрмыстық жағдайлары қараша және мамыр айларында тексеріліп отырады. Диас қаңтар айына дейін мемлекет тарапынан берілетін жәрдемақыларды алып отырды. Қазіргі уақытта құжаттарды қайта жинауына байланысты уақытша тоқтатылды. Бұл туралы аудандық білім бөлімі тарапынан түсінік жұмыстары жүргізілді. Бұдан басқа Диас мектеп әкімшілігі назарынан тыс қалып отырған жоқ. Оқу жылының басында 25000 тг жиырма бес мың теңге бір жолғы көмек ақшасын алды. Сонымен қоса акция кезінде көмек берілді. Ауданымызда өткізілген Қ.Р президент шыршасына онлайн қатысып, мерекелік сыйлықтармен қаржылай жүз мың теңге табысталды.

5. «Қайырымдылық» акцияларын өткізу туралы.

Оқу жылының басында екі кәсіпкер көмек көрсетті. Жеке кәсіпкер Болысов Әлішер екі оқушыға оқу құралын алып берді. Сонымен қоса Жолдасова Наздан қамқорлықтағы бір оқушыға оқу құралдарымен мектеп формасын алып берді. Көмек оқушы саны үш, көрсетілген сома отыз бес мың. Міндетті оқу қорынан түрлі әлеуметтік топтағы 51 елу бір оқушыға 25000 тг жиырма бес мың теңге берілді. Облыстық президент шыршасына бір оқушы қатысты. Жүз

мың тг мен жаңа жылдық сыйлықтар берілді. Аудандық Қ.Р президент шыршасына төрт оқушы қатысты. Жаңа жылдық тәттілер мен 100000 тг берілді. Оқушылар президент шыршасына онлайн қатысты. Шаштараз «Сайран» жеке кәсіпкер Нажимова Замираға өтініш жазу арқылы әлеуметтік жағдайы төмен отбасы балаларына тегін шаш қию мүмкіндігіне ие болды.

6. Ата- аналармен және сынып жетекшілерімен жасалған жұмыстар.

Мектеп әлеуметтік педагогінің жұмысының бір бағыты бұл-ата-аналармен және сынып жетекшілермен жасалатын бірлескен жұмыс болып табылады. Әлеуметтік педагог сыныптарда тоқсанына бір рет өтетін ата-аналар жиналысына қатынасып, бала тәрбиесіне байланысты мәселелер төңірегінде өз ойларын бөлісіп отырды. Жиналыс офлайн түрінде өткізілді. Мысалы 5 сыныбындағы ата- аналармен болған кездесуде балалар үлгерімі, кейбір іс-әрекеттер төңірегінде пікір алысып, түрлі сұрақтарға жауап берілді.

Әлеуметтік педагог «Ата-аналардың талап-тілек журналын» жүргізіп келеді. Онда ата-аналардың балаларына қатысты сұраған сұрақтары мен өтініштері тіркеліп, олардың қалай шешілгеніне жауаптар тіркеледі. 2021-2022 оқу жылында ата-аналардан 3 өтініш түсіп, тіркеліп олардың қалай шешілгеніне жауаптар тіркелді. Мысалы үш оқушы тегін ыстық тамақ ішетін оқушылар тізіміне енгізілді.

Сондай-ақ әлеуметтік педагог мектеп бітіретін сыныптарда алдағы оқуы мен мамандық таңдауы жөнінде түрлі сауалнамалар жүргізіп, мамандық таңдаудың қыр- сырларын түсіндіріп отырды.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында табысты болудың ең іргелі, басты факторы-білім екенін атап көрсетті. Осы мақсатта сапалы білім мен тәрбие беруде мектебімізде ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Әлеуметтік педагогтың өз жұмысында басшылыққа алған ең негізгі құжаттары.

- 1 Қазақстан Республикасының Конституциясы
- 2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы
- 3 Облыстық және аудандық білім беру органдарының хаттары

Дайындаған мектеп әлеуметтік педагогы:

Орунбаев А